

**2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда ҚР тау-кен металлургия (ТМК) өндірісінің көлемі 12,0 трлн теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 3,8% төмен. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлесті түсті металлургия – 5,5 трлн теңге, қара металлургия өндірісі 2,6 трлн теңгені құрады. Металл кенін өндіруде негізгі үлесті түсті кен өндіру (3,3 трлн теңге) және темір кенін өндіру (0,52 трлн теңге) құрайды.**

**«Металл кенін өндіру» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда 99,9% құрады. Бұл ретте, «Темір кенін өндіру» ФКИ 93,5% құрады. Секторда теріс динамика темір кенін өндірудің төмендеуі (88,7%) есебінен қалыптасты. «Түсті металл кенін өндіру» ФКИ 101,0% құрады. Өндірістің өсуі негізгі түсті металл кенін өндірудің өсуіне байланысты: алюминий (боксит) (109,2%); мыс-мырыш (110,7%); мыс (106,0%), алтыннан тұратын (113,0%);**

**«Металлургия» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда теріс мәнді көрсетті – 99,8%.**

**Түсті металлургияда ФКИ төмендеуі (98,9%) тазартылған мыс (92,8%), өңделмеген күміс (87,8%), тазартылған күміс (88,7%), өңделмеген тазартылған қорғасын (93,3%), тазартылған алтын өндірісінің (99,9%) төмендеуіне байланысты.**

**Қара металлургия ФКИ тазартылмаған болат (116,4%); ферросиликохром (107,0%); ферросиликомарганец (110,1%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 101,0% құрады.**

**2023 жылғы қаңтар-қарашада металлургия өнімінің экспорты 12,4 млрд АҚШ долл. құрап, 9,4% төмендеді, соның ішінде, қара металлургия – 4,0 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 8,4 млрд АҚШ долл.**

**Өткен жылғы көрсеткішке қатысты экспорт көлемі: қара металлургия экспортының көлемі 21,8%, түсті металлургия экспортының көлемі 8,4% төмендеді.**

**Металлургия өнімі экспортының құндық құрылымында күн бойынша негізгі көлемді мыс (24,7%), ферроқорытпа (18,1%) және жазық прокат (10,5%) құрайды.**

**Металлургия өнеркәсібі экспортының төмендеуі мыс, ферроқорытпа және жазық прокат экспортының құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.**

**2023 жылғы қаңтар-қарашада Қытай (30,9%), Ресей (24,7%), Түркия (11,2%) және Өзбекстан (4,8%) ҚР металлургия өнімінің негізгі нарықтары болды.**

*2023 жылғы қаңтар-қарашада металлургия өнімі импортының* көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2,6% өсті және 3,4 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара металлургия – 2,9 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 0,51 млрд АҚШ долл. Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, жазық прокат, сондай-ақ, рельстер импортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі импортының құндық құрылымында *2023 жылғы қаңтар-қарашада*: дәнекерленген құбырлар (18,8%), жіксіз құбырлар (13,5%), жазық прокат (13,0%) және шыбықтар (12,6%) басым.

ҚР-да *2023 жылғы қаңтар-қарашада* металлургия өнімін негізгі жеткізушілер Ресей (74,4%), Қытай (10,6%) және Өзбекстан (2,0%).

2023 жылғы қаңтар-қарашада ҚР-да металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 7,2 млрд АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 53,2%, импорт өнім үлесі 46,8%.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары.

ҚР металлургия өндірісінің құрылымында Қарағанды облысының үлесі шамамен 20,9%, ШҚО – 18,3% және Павлодар облысы – 14,6% құрайды.